Н. НАЗАРБАЕВ

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ТАҢДАУЫ — ТАРИХИ ЗЕРДЕ, ҰЛТТЫҚ ТАТУЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР

# ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ, НАЦИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ И ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ РЕФОРМЫ – ГРАЖДАНСКИЙ ВЫБОР НАРОДА КАЗАХСТАНА

Н. НАЗАРБАЕВ

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ТАҢДАУЫ — ТАРИХИ ЗЕРДЕ, ҰЛТТЫҚ ТАТУЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР

*Қазақстан халықтары ассамблеясының IV сессиясындағы баяндама*

***Ақмола, 1997 ж. 6 маусым***

# ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ, НАЦИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ И ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ РЕФОРМЫ — ГРАЖДАНСКИЙ ВЫБОР НАРОДА КАЗАХСТАНА

*Доклад на IV сессии Ассамблеи народов Казахстана*

***Акмола, 6 июня 1997 г.***

АЛМАТЫ
"ҚАЗАҚСТАН"
1997

ББК 66.3(2)К
Н 17

**Назарбаев Н.**
Қазақстан халқының азаматтық таңдауы — тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар.— Алматы: Қазақстан, 1997 — 72 б.

Историческая память, национальное согласие и демократические реформы — гражданский выбор народа Казахстана.— Алматы: Қазақстан, 1997 — 72 с.

ISBN 5-615-01916-6 ББК 66.3 (2)К

Н $\frac{0803010405 - 19}{401(05) - 97}$ Без объявл. 97

© "Қазақстан", 1997.

**Құрметті ассамблея делегаттары мен қонақтары!**

Ежелгі әрі мәңгі жас Ақмола жерінде өздеріңізбен қауышу мүмкіндігі туғанына шын жүректен қуаныштымын.

Сірә, оның тарихында тұңғыш рет осындай басалқалы басқосу өткізіліп отырған болар, оған қатысушылар елімізді мекендеген барлық ұлттардың, демек көп ұлтты Қазақстанның күллі халқының мүддесін білдіреді. Осы жағдаят жаңа астана республиканың қоғамдық-саяси өмірінің шынайы факторына, ал бұл ретте ұлтаралық қатынастарды одан әрі тұрақтандырудың өзіндік құралына айналуының айқын куәсі.

Ең алдымен сіздерге аса маңызды әрі уақтылы бастамаларыңыз үшін алғыс айтуға

**Уважаемые делегаты и гости Ассамблеи!**

Рад возможности сердечно приветствовать вас на древней и вечно молодой земле Акмолы!

Пожалуй, впервые за всю ее историю здесь собрался столь авторитетный форум, участники которого представляют интересы всех наций, проживающих в нашей стране, а значит, и интересы всего народа многонационального Казахстана. Это обстоятельство убедительно свидетельствует о том, что новая столица становится реальным фактором общественно-политической жизни республики, в данном случае — своеобразным инструментом дальнейшей стабилизации межнациональных отношений.

Позвольте прежде всего поблагодарить вас за очень важную и своевременную инициативу, в

рұқсат етіңіздер, соған сәйкес Қазақстанда ынтымақтастық жайлы келісім жасалды. Осы құжатқа қол қойған барлық партиялар, қоғамдық бірлестіктер мен ұлттық-мәдени орталықтар азаматтық татулықты сақтау кепілдері рөлін мойнына алды, ал Ассамблеяның өзі Қазақстан қоғамында айрықша сындарлы рөл атқарып отырған белсенді қоғамдық институт мәртебесін қуаттап берді.

Ынтымақтастық туралы келісім менің жарлығыммен Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланған тұтас 1997 жылға саяси реңк береді. Мұның өзі әсіресе, өзіміз саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске түсірген 31 мамыр күні жарқырап көрінді. Барлық қазақстандықтар тарихымыздың қайғылы беттері қайталанбауға тиіс деген бір тоқтамға келді.

Алайда, Жыл идеясын талқылаудың өзі кейде біздің тоталитарлық өткенімізді пайымдау қажеттігін түсінбеушілік бар екенін көрсетті. Осы орайда тарих сабақтарын ұдайы, ұрпақтан-ұрпаққа игере беру керек екеніне менің иманым кәміл. Әсіресе біздің Қазақстан

соответствии с которой в Казахстане было заключено соглашение о сотрудничестве. Все партии, общественные объединения и национально-культурные центры, подписавшие этот документ, взяли на себя роль гарантов сохранения гражданского мира, а сама Ассамблея подтвердила свой статус авторитетного общественного института, играющего в казахстанском обществе исключительно позитивную роль.

Соглашение о сотрудничестве задает политическую тональность всего 1997 года, объявленного моим указом Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий. Особенно ярко это проявилось 31 мая, когда мы отметили День памяти жертв политических репрессий. Все казахстанцы были единодушны: мрачные страницы нашей истории не должны повториться.

Однако обсуждение самой идеи Года показало, что порой возникает непонимание необходимости осмыслить наше тоталитарное прошлое. Между тем я глубоко убежден в том, что уроки истории надо осваивать постоянно, из поколения в поколение. Тем более — на пе-

бүгінде басынан кешіп отырған қоғамдық және экономикалық дамудың өтпелі кезеңінде бұл өте қажет.

## І. ТОТАЛИТАРИЗМ САБАҚТАРЫ

Өткен дәуірдің аса ұлы философтарының бірі Иммануил Кант болмыстың кез келген аздыкөпті маңызды мәселесінің жақсы, жаман жақтарын мұқият талдап отыратындығымен мәшһүр болған екен. Біздің Ассамблеямызда да Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени дамуының аса күрделі мәселелерін мейлінше ашық қарайтын жақсы дәстүр қалыптасқаны белгілі. Осы дәстүрді бүгін де сақталық.

Сонымен, Еске алу және татулық жылы жөнінде кереғар екі пікір бар. Олар мынаған саяды: біріншіден, өткенге жүгіне отырып, біз кінәлілерді, соның ішінде кінәлі ұлттарды іздей бастағанымыз жөн секілді; ал екіншіден, біздің артымызда тек сыни көзқарас тұрғысынан ғана саралауға келмейтін даңқты жол жатыр.

реходном этапе общественного и экономического развития, который переживает сегодня наш Казахстан.

## 1. УРОКИ ТОТАЛИТАРИЗМА

Один из величайших философов прошлого Иммануил Кант славился тем, что дотошно анализировал как положительные, так и отрицательные стороны любой мало-мальски значимой проблемы бытия. Как известно, на нашей Ассамблее сложилась хорошая традиция — предельно откровенно рассматривать сложнейшие вопросы политического, экономического и культурного развития Казахстана. Не будем нарушать этой традиции и сегодня.

Итак, по поводу Года памяти и согласия есть два взаимоисключающих мнения. Они сводятся к тому, что, во-первых, обращаясь к прошлому, мы можем начать поиски виновных, в том числе виновных наций; и во-вторых, что у нас за плечами славный путь, который нельзя рассматривать только с критической точки зрения.

Алдымен осы екі айқындаманың басын ашып алғым келеді.

Әуелі мынадан бастайық, тоталитаризм жойқын соққы бермеген, әрі өкінішке қарай, кей ретте орны толмас залалы тимеген бірде-бір ұлт, бірде-бір халық жоқ.

Егер әңгіме біздің көлгір оппоненттеріміз ашып айта алмай жүрген мәселе жайында, атап айтқанда, осы қанқұйлы қуғын-сүргіндегі орыс халқының рөлі жайында болса, онда жиырмасыншы ғасырдың ащы шындығының бірі — бұрынғы империяның және КСРО-ның ең саны көп халқы ретінде нақ осы орыс халқының өзінің мыңжылдық тарихындағы аса зор этностық қасіретті басынан кешіргенінде жатыр. Дәл сол сияқты қазақ халқы да тікелей және жанама түрде өзінің тең жартысына жуығынан айырылды. Қоныс аударылған халықтарды этностық қырып-жоюдың адам айтқысыз зор ауқымы мен тағылық сипаты жайындағы мәліметтерді қайталап жатпайын. Осы жылдың шараларын өткізе отырып, біз әрнәрсені өз атымен атауға тиіспіз. Сонда ғана күллі тарихи шындық толығымен ашылмақ: өтіп бара жатқан

Хотел бы четко определиться по этим двум позициям.

Начнем с того, что нет ни одной нации, ни одного народа, которым тоталитаризм не причинил бы сокрушительного и, к сожалению, в чем-то непоправимого ущерба.

Если речь идет о том, чего не договаривают наши стыдливые оппоненты, а именно о роли русского народа в кровавых репрессиях, то одна из горьких истин XX века состоит в том, что именно русский народ, являясь самым многочисленным народом бывших империй и СССР, испытал самую большую этническую трагедию в своей тысячелетней истории. Равно как и казахский народ, потерявший едва ли не половину своей численности в прямой или косвенной форме. Не буду повторять данных о чудовищных по своим масштабам и варварских по своим формам размерах этнического геноцида переселенных народов. Проводя мероприятия этого Года, мы должны четко расставить все акценты. И только тогда перед нами откроется вся историческая правда: ни один народ не является виновником этнического Апокалипсиса уходящего столетия. Это вина системы.

ғасырдың осынау этностық Ақырзаманы үшін бірде-бір халық кінәлі емес. Бұл — жүйенің кінәсі.

Екінші жағынан, битке өкпелеп, тоныңды отқа салуға болмайды. Барлық халықтардың, соның ішінде қазақ халқының күні кешегі тарихындағы сындарлы сәттерге көз жұма қарау аңғалдық болар еді. Шын мәнінде мейлінше қысқа мерзімде жетпіс жылдан сәл ғана астам уақыт ішінде, экономикада және бір кездегі патриархтық өмір салтында орасан зор жаңғыртулар жүргізілгені даусыз. Ал бұл табыстарға қол жеткізген өзге планеталықтар емес, сіздер мен біз, әкелеріміз бен аталарымыз. Өткен жолымыз — жеңістері мен жеңілістері, қуанышы мен қасіреті қатар өрілген ортақ өткеніміз. Ендеше, басқа пікірдегі адам аға ұрпақтың істері мен әрекетін тарихи мәнсіздік пен ұсақтық деп кінәлар болса, мұнысы кісілікке жатпайтынын ұғып алсын.

Менің әрдайым тарихқа деген салиқалы көзқарасты жақтайтынымды өздеріңіз білесіздер. Бұл жалғандыққа, өңін айналдыруға төзбейтін ғылым. Біз дәнді қауызынан арши білу өнері

С другой стороны, нельзя вместе с водой выплескивать и ребенка. Было бы наивным закрывать глаза на те бесспорно позитивные моменты, которые были в недавней истории всех народов, в том числе и казахского. Неоспоримо, что за семь с лишним десятилетий — по существу, ничтожно малый отрезок времени — проведена грандиозная модернизация экономики и некогда патриархального образа жизни людей. А ведь этих успехов добились не инопланетяне, а мы с вами, наши отцы и деды. Пройденный путь — это наше общее прошлое с его победами и поражениями, радостями и трагедиями. А тот, кто придерживается другого мнения, пусть для себя уяснит: с его стороны было бы по-человечески непорядочно упрекать людей старшего поколения в исторической бессмысленности или ничтожности их дел и поступков.

Вы знаете, что я всегда был сторонником взвешенного подхода к истории. Эта наука не терпит ни фальши, ни перелицовки. Мы должны постоянно помнить о том, что искусство отделять зерна от плевел есть единственная гарантия от

өткендегі қателіктерді қайталамаудың бірден-бір кепілі екенін әрдайым жадымызда ұстауға тиіспіз. Сондықтан Еске алу және татулық жылын өткенге топырақ шашу жарысына айналдырып жібермеу керек. Оның мүлде өзге мазмұны және мүлде өзге тағылымы бар. Мен мұны тоталитаризмнің қарабет сабақтары дер едім.

**Бірінші сабақ.** Біздің бәріміздің өзімізге дейін өмір сүрген ұрпақтар алдында адамгершілік парызымыз бар. Саяси қуғын-сүргіннің сан миллион құрбандарының тағдырын ешкім ойдан шығарған жоқ. Бұл қатал шындық және ол өткенде қалғанмен, одан кеудедегі қайғы-шер азаймақ емес. Қазақ жері тоталитаризмнің ең бір жантүршігерлік туындыларының бірі — қаптаған концентрациялық лагерьлер өңіріне айналды.

Фашистік Германия концлагерьлерінен көп бұрын Қазақстан, соның ішінде сіздер мен біз қазір жиналып отырған облыс аумағында, аукымы және қанқұйлылығы жөнінен ондағыдан бір де кем түспейтін "адам материалын сұрыптау" жүргізілгенін ой сарабынан толық өткізіп болдық па? Кеңестік тоталитаризм тіректерінің

повторения прошлых ошибок. Поэтому нельзя допустить, чтобы Год памяти и согласия превратился в состязание по оплевыванию прошлого. Он имеет совсем иное содержание и содержит совсем иные уроки. Назвал бы их черными уроками тоталитаризма.

**Урок первый.** У всех нас есть нравственный долг перед жившими ранее поколениями. Судьбы миллионов и миллионов жертв политических репрессий никем не выдуманы. Это жестокая реальность — она отошла в прошлое, но менее жестокой от этого не стала. Казахская земля стала местом дислокации многочисленных концентрационных лагерей — одного из наиболее страшных изобретений тоталитаризма.

Осознали ли мы до конца, что задолго до концлагерей фашистской Германии на территории Казахстана, в том числе области, в которой мы с вами сейчас находимся, были уже проведены не менее масштабные и кровавые "чистки человеческого материала". Да, именно с таким цинизмом выразился один из столпов тоталитаризма господин Бухарин, который в "когорте вождей" слыл человеком чрезвычайно мягким.

бірі, "Көсемдер санатында" өте иі жұмсағы саналатын Бухарин мырза шімірікпестен дәл солай деген болатын.

Осы залда дінге құлай сенгендер де, атеистер де отыр. Демократиялық мемлекетте ұждан бостандығы дегеніміз — шынында да әркімнің мейлінше өз мәселесі. Бірақ, адам ойының кемеңгер ескерткіштерінің бірінде бейнеленген жалпыадамзаттық қағидалар бар. Олардың бірі былай сөйлейді: "тірілер дүниеден озарын біледі, ал өлгендер бәрінен бейхабар, оларға арнап дұға да оқылмайды, өйткені олардың есімдері зерделен өшкен". Еске алу мен татулық жылының міндеті — осы қайғылы сөздер арқылы өз парызымызды еске салу. Нақақтан опат болған жандарды еске алып қайғырғанда біз адамзат заңына да, Киелі кітапқа да толық сай келетін қарекет жасаймыз.

Кейбір фактілерді ой елегінен өткізейікші. КСРО-да жеке басы және "кулак отбасылары" делінетіндердің құрамында, шамамен, 25—27 миллион адам қуғын-сүргінге ұшырады. Соның ішінде 20 миллионнан астамын "кулак" деген

В этом зале находятся и глубоко верующие люди, и атеисты. Свобода совести в демократическом государстве — это действительно вопрос сугубо индивидуальный. Но есть общечеловечские постулаты, которые воплощены в одном из мудрых памятников человеческой мысли. Один из них звучит так: "Живые знают, что умрут, а мертвые ничего не знают, и уже нет им воздаяния, потому что память о них предана забвению". Задача Года памяти и согласия заключается в том, чтобы эти скорбные строки стали напоминанием нам о нашем долге. Скорбя о безвинно уничтоженных, мы поступаем в полном соответствии и с человеческими законами, и со Святым писанием.

Давайте задумаемся над некоторыми фактами. Индивидуально и в составе так называемых "кулацких семей" в СССР подверглись репрессивным мерам примерно 25—27 миллионов человек. Из них свыше 20 миллионов составляют "раскулаченные" крестьяне, по существу — "ликвидированные как класс". После революции и гражданской войны СССР покинуло около двух миллионов человек. В феврале 1954

айдар тағылған, мал-мүлкі тәркіленген, шын мәнісінде "тап ретінде жойылған" шаруалар құрайды. Төңкеріс пен азамат соғысынан кейін КСРО-ны 2 миллионға жуық адам тастап кетті. 1954 жылдың ақпанында Н. С. Хрущевке 1921—1954 жылдар ішінде "контрреволюциялық қылмыстары" үшін сотталғандардың саны жөнінде егжей-тегжейлі анықтама әзірлеп берілді. Сотталғандардың жалпы саны үш миллион 777 мың адам, соның ішінде ең ауыр жазаға кесілгендер 642 мың адам болды. Қазақстанда осы кезең ішінде саяси себептермен 100 мыңнан аса адам сотталды, ал 25 мыңнан аса адам атылды.

Саяси қуғын-сүргіннің ауқымы жан түршіктіреді. Ең бір сорақысы Қазақстандағы ұжымдастыру салдарынан етек алған алапат ашаршылық жылдары, бір ғана 1931 жылы Орталық Қазақстан аудандарына Ресейдің ішкі аудандарынан 150 мыңнан астам арнайы қоныс аудаушылар жайғастырылды. Қазақстандағы ашаршылық пен оның іш сүзегі індеті сияқты зардабының тікелей құрбандарының ара қатынасын ажырату қиын, алайда,

года Н. С. Хрущеву была подготовлена детальная справка об осужденных за "контрреволюционные преступления" в период с 1921 по 1954 годы. Общее количество осужденных составило 3 миллиона 777 тысяч человек, из них к высшей мере наказания приговорено 642 тысячи. В Казахстане за этот период по политическим мотивам осуждено более 100 тысяч человек, а свыше 25 тысяч — расстреляно.

Масштабы политических репрессий просто поражают. Особый цинизм состоял и в том, что в годы страшного голода, вызванного коллективизацией, только за один 1931 год в районах Центрального Казахстана было размещено более 150 тысяч спецпереселенцев из внутренних районов России. Трудно разграничить непосредственные жертвы голода и его последствий в виде страшной эпидемии брюшного тифа, но совокупные последствия этого насильственного эксперимента по Казахстану вылились примерно в 1 миллион 750 тысяч человек, что составляет 42 процента казахского населения республики.

Приведу еще один ужасающий своей масштабностью и числом человеческих трагедий

осынау зорлық-зомбылықпен жасалған тәжірибе жалпы саны 1 миллион 750 мыңдай адамның өмірін қиды, бұл республикадағы қазақ тұрғындарының 42 проценті.

Адам басына салған қасіреті қисапсыз тағы бір фактіні айта кетейін. 1920 жылдан 1949 жылға дейінгі 30 жылдың ішінде КСРО-да 3 миллион 200 мың адам жер аударылды. Бұл қайғы-қасірет жөнінен Қазақстан жері көш басына шықты: зерттеушілердің есебі бойынша мұнда қырқыншы жылдары 1 миллион 200 мыңнан астам адам арнайы қоныстанушылар болған.

**Белгілі ресейлік тарихшы Рой Медведевтің есебі бойынша 1927—1953 жылдары КСРО-да 40 миллиондай адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Өзге зерттеушілердің пікіріне сайсақ, бұл статистика одан да сұмдық. Дегенмен, саны түрліше құбылғанмен, қуғын-сүргіннің дәл мұншалықты ауқымын адамзат тарихы бұрынсонды білген емес және бұдан былай ешқашан білмес деген үмітім бар.**

Проблема осы қасіреттің орасан зор этностық зардабына ғана емес, оның аса бір келеңсіз

факт. За три десятилетия, с 1920 по 1949 год, в СССР было депортировано три миллиона 200 тысяч человек. Печальное первенство здесь принадлежит земле Казахстана: по данным исследователей, в сороковые годы в республике находилось более 1 миллиона 200 тысяч спецпереселенцев.

**Согласно подсчетам известного российского историка Роя Медведева, с 1927 по 1953 год в СССР было репрессировано около 40 миллионов человек. По мнению других исследователей, эта статистика еще страшнее. Но как бы ни варьировали цифры, такого масштаба репрессий история человечества просто не знала и, надеюсь, никогда больше не узнает.**

Проблема ведь заключается не только в колоссальных этнических последствиях трагедии, но и в негативных социальных ее результатах. Имеется в виду уничтожение целых классов и социальных групп, что, вместо сбалансированной социальной структуры, привело к возникновению донельзя деформированной общественной системы с изуродованной шкалой мотивов труда и жизни человека. Страшны не только цифры,